

Т. Омарбеков

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ЭТНОТЕРРИТОРИЯСЫНЫҢ

ӘОЖ 913 (035.3)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
О - 58

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(Хатама №5, 25.12. 2015 ж.)*

*«Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу» бойынша
республикалық ғылыми орталықтың ғылыми-қолбанбалы бағдарламасы
есебінен шығарылды*

Редакциялық алқа:

Т. Омарбеков (жауапты редактор),
Г.Б. Хабижанова, М.С. Ноғайбаева

Омарбеков Т.

О - 58 Қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері: монография / жауапты ред., Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 135 б.

ISBN 978-601-04-1655-0

Ұсынылып отырған еңбекте қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері қарастырылған. Зерттеу жинағында көшпелілердің этноаумағының қалыптасуының географиялық, саяси алғышарттары және этномәдени факторлардың әсері талданып, ортағасырлық түркі ру-тайпаларының территория және шекара ұғымдарының қалыптасу ерекшеліктері, географиялық кеністік туралы түсініктері, этнотерриторияға қатысты қасиетті ұғымдар мен белгілер талданған. Сонымен қатар, әкімшілік басқару ерекшеліктері мен этносаяси үдерістердің барысы, қазақ жүздерінің қалыптасуы және этношаруашылық аумақтар мәселелері жана көзқарастар тұрғысынан талданған.

Жинақ тарихшы ғалымдарға, жалпы гуманитарлық ғылым саласының өкілдеріне, студенттерге, халқымыздың тарихына қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 913 (035.3)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)**

ISBN 978-601-04-1655-0

© Омарбеков Т., 2015
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

АЛҒЫСӨЗ

Орталық Азия көшпелілерінің ежелгі және ортағасырлардағы этнотерриторияларының қалыптасу тарихы бүгінгі отанымыздың тарихи аймағында өмір сүрген прототүркілердің және түркілердің мемлекеттік құрылымдарының өткендерімен, моңғолдар билігі орныққан тұстағы қалыптасқан және дамыған ұлыстар мен ордалардың орналасу аймақтарымен, көшпелі және отырықшы мәдениеттің ерекшеліктерін айқындаумен, қазақ халқының және оның хандығының құрылуы мен нығаю тарихымен тығыз байланысты.

Орталық Азияның этнотерриториялық тарихы рулық-тайпалық құрылымдармен және олардың миграциялық қозғалыстарымен тығыз байланысты екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қаласақ та, қаламасақ та бұл аталмыш аймақты мекендеген көшпелілер тарихына тән сипат болып табылады. Белгілі бір этнотерриторияны мекендеген тайпалық-рулық қауымдастықтар ерекшеліктері біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардан бастау алып, XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы кеңестік дәуірдің берік орнығу кезеңіне дейін көшпелілердің әлеуметтік, саяси-

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
I ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (<i>Омарбеков Т., Искакова Г.</i>)	5
1.1. Көшпелілердің этнотерриториясының қалыптасуының алғышарттары: географиялық, саяси, этно-мәдени факторлардың әсері	5
1.2. Түркі ру-тайпаларында территория және шекара ұғымдарының қалыптасу ерекшеліктері (VI-X ғғ.) ...	13
1.3. Түркі қағанаттарында қалыптасқан географиялық кеңістік туралы түсінік (VI-X ғғ.)	26
II КӨШПЕЛІЛЕР ЭТНОТЕРРИТОРИЯСЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ БЕЛГІЛЕРІ (<i>Омарбеков Т.</i>)	38
2.1. Алаш этнонимі алаш қауымдастығының орналасу аумағы.	38
2.2. Ру-тайпалық танбалар және олардың қалыптасу кеңістігі	59
III ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (<i>Ногайбаева М.С., Кәрібаев Б.Б.</i>)	67
3.1. Орта Азия көшпелілерінің ұлыстық басқару жүйесі	67
3.2. Моңғол жаулап алушылығына байланысты Қазақстан аумағына тайпалардың қоныс аударуы.....	80
3.3. XIII-XV ғғ. алғашқы жартысындағы этнотерриторияның қалыптасуына әсер еткен этносаяси үдерістер және олардың ерекшеліктері	88
IV ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЭТНОШАРУАШЫЛЫҚ АУМАҚТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ (<i>Омарбеков Т.</i>)	108
Қорытынды	130

Омарбеков Т.

КАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛАРЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ

Редакторы: Е. Жиддиқов
Компьютерде беттелген: Т. Шайкенова
Мұқабасын безендірген: А. Жиддиқов

Мұқабаны безендіруде қолданылған сайт:
www.info-tses.kz

ИБ №8956

Басуға 28.09.2015 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$.
Көлемі 8,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №3783.
Таралымы 178 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

лық белгілеріндегі өзгерістерден аңғарамыз. Ертеректе дулат (дулат) тайпасының одағына белгілі бір кезеңде енген табын, артырамадан, терістанбалы табын, албан, суан, кердері, адай және дулаттың таңбасын қабылдағанын, ал кейін басқа тайпалар одағына қосылған кезде таңбаларын қосымша белгілермен өзгерткендерін, тіптен жаңа таңбалар қабылдағанын байқаймыз.

Бұл бағытта едәуір нақты зерттеулер жүргізген С. Аманжолов осындай салыстырмалы әдіспен ыстының, тіліктің, ойықтың, қаңлы одағына, таманың, керейттің қыпшақ одағына, ноғайлардың маңғыт және саңғыт руларының қоңырат одағына мүше болғандығы туралы қорытындылар жасаған еді. Ол жаппас руы мен шапырашты рулары, алшын тайпасы мен найман тайпасы, және т.б. таңбаларындағы ұқсастықтарға назар аударып келе осы қазақ ру-тайпаларының кезінде белгілі бір тайпалық одақтарға мүше болу мүмкіндігі туралы өзіндік болжамдар айтқан еді¹⁴⁷. Осы айтылғандар бізге төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндіктер береді: 1. Сандаған ғасырларға созылған күрделі тарихи даму барысында көшпелі қазақ рулары тайпалық одақтардағы орындарын ауыстырып отыруға мәжбүр болған. Нәтижесінде көптеген рулар мен тайпалар өзара араласып, этникалық, тілдік антропологиялық тұрғыдан жақындаса түсті. Ал мұның өзі қазақ халқының этникалық тұрғыдан біртұтас ұлт болып қалыптасуына қамтамасыз етті. Бұл біздің ұлтымыздың адамзат тарихындағы ұлы жеңісі; 2. Қазақ рулары мен тайпаларына тән белгілерді жан-жақты терең зерттеу халқымыздың этникалық тарихына байланысты жаңа, тың қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді. Рулық және тайпалық таңбалар әрбір рулар мен тайпалардың өткен жолын ғана емес, олардың өзара қалай біріккендерін де анықтай түсуге жол ашады.

¹⁴⁷ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. I. – 12-16 бб.

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

3.1. Орта Азия көшпелілерінің ұлыстық басқару жүйесі

Алтын Орда мемлекетінің тарихы Орталық Азия халықтарының тағдырында шешуші рөл атқарғаны белгілі. Осы кезеңге дейінгі ғылыми зерттеулердің молдығына қарамастан, Алтын Орданың ішкі құрылымы, әсіресе оның ұлыстық жүйесінің өзіндік ерекшеліктері туралы мәселелер толық зерттелген деп айтуға болмайды. Осы орайда моңғолдық билік орнатқан мемлекеттік-құрылымдық басқару жүйесіндегі өзгерістердің жергілікті түркі, түркі-моңғол халықтарының этносаяси, этномәдени өміріне тигізген әсерін зерттеу өзекті болып отыр.

Джувейнидің мәліметтеріне қарағанда, Шыңғыс хан көзі тірілігі кезінде-ақ өз ұлдарына жұрт деп аталатын ерекше жерлерді бөліп берген. Ғылыми әдебиеттерде Шыңғыс ханның өз ұлдарына бөліп берген жерлерді ұлыстар деп атау қалыптасқан. Қазіргі Қазақстан аумағы үш Моңғол ұлысының құрамына кірді. Ең үлкен бөлігі елдің солтүстігіндегі далалық аумақ пен Ертістің жоғарғы бөлігі бойынан Алакөл өзеніне дейінгі жерлер, одан әрі батыста – Іледен Сырдарияға дейінгі ұлан-ғайыр аймақ Жошы ұлысының құрамына кірді. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан Шағатай ұлысының құрамында болды. Қазіргі Қазақстан аумағынан тыс бұл ұлыстың құрамына Шығыс Түркістан мен Мәуереннахр елkesі кірді. Солтүстік-шығыс Қазақстан, Батыс Моңғолия, жоғарғы Ертіс және Тарбағатай аймағын қоса қамтыған Үгедей ұлысының құрамына кірді. Шыңғыс ханның көзі тірісі кезінде бұл ұлыстар оның ұлдары үшін тек кіріс көзі ретінде ғана пайдаланылды. Ол қайтыс болғаннан кейін жағдай өзгерді. Моңғол державасының үлкен аумақты қамтып жатуы ұлы билеушілерінің Орхон бойындағы империяның орталығынан шалғай орналасуы